

Қазақстан Республикасының Білім және Мәдениет мекемелеріне есімдер беру және олардың атауын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 шілдедегі N 897 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Көкшетау, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Талдықорған, Торғай облыстары мен Алматы қаласы әкімдерінің Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен және Мәдениет министрлігімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясымен келісілген:

а) Мына білім және мәдениет мекемелеріне:

Алматы облысы бойынша:

Кеген ауданындағы Құрметті орта мектебіне - белгілі педагог еңбек сіңірген мұғалім **Әужан Ниязбековтың**;

Ақтөбе облысы бойынша:

Ақтөбе ауданындағы Қарғалы орта мектебіне - Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының белгілі ұйымдастырушыларының бірі, профессор **Мұхтар Арынновтың**;

Батыс Қазақстан облысы бойынша:

Жаңақала ауданындағы Қызылоба орта мектебіне - Кеңес Одағының Батыры **Есен Орақбаевтың**;

Көкшетау облысы бойынша:

Көкшетау қазақ педагогикалық колледжіне - белгілі жазушы, журналист - **Жанайдар Мусиннің**;

Көкшетау облыстық қазақ облыстық қазақ музыкалық-драма театрына - белгілі жазушы-драматург - **Шахмет Хұсайыновтың**;

Қарағанды облысы бойынша:

Қарағанды қаласындағы N 35 орта мектепке - Кеңес Одағының батыры (қазір көзі тірі, ерекше жағдаймен) - **Юрий Николаевич Павловтың**;

Қызылорда облысы бойынша:

Сырдария ауданындағы N 153 орта мектепке - көрнекті қоғам қайраткері, ғалым **Шахмардан Есеновтың**;

Арал ауданындағы N 60 Сазды орта мектебіне - белгілі жазушы **Жақсылық Түменбаевтың**;

Шиелі ауданындағы N 155 Ақтоған орта мектебіне - Ұлы Отан соғысына қатысушы, атақты мерген **Дүйсенбай Шыныбековтың**;

Павлодар облысы бойынша:

Ақтоғай ауданындағы Жаңаталап орта мектебіне - аудандағы алғашқы мектепті ұйымдастырушы, еңбек сіңірген мұғалім Хасен Шаяхметовтың; Павлодар облыстық гимназия-интернатына - көрнекті ғалым-ағартушы Ыбырай Алтынсаринның; Павлодар облыстық біріккен кітапханасына - қазақтың көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың;

Торғай облысы бойынша:

Арқалық педагогикалық колледжіне - қазақ әйелдері арасынан тұңғыш шыққан журналист-публицист, аудармашы Нәзипа Құлжанқызының;

Алматы қаласы бойынша:

Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының жанындағы опера студиясына - белгілі актер, халық артисі Құрманбек Жандарбековтың есімдерін беру туралы;

ә) Мына білім және мәдениет мекемелерін:

Алматы облысы бойынша:

Еңбекшіқазақ ауданындағы Ильич атындағы орта мектепті - көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектеп;

Атырау облысы бойынша:

Құрманғазы ауданындағы К.Маркс атындағы орта мектепті - көрнекті қазақ ақыны Әбу Сәрсенбаев атындағы орта мектеп;

Батыс Қазақстан облысы бойынша:

Жанақала ауданындағы Киров атындағы орта мектепті - Кеңес Одағының Батыры Мәжит Жүнісов атындағы орта мектеп;

Қызылорда облысы бойынша:

Арал ауданының N 57 Октябрь орта мектебін - көрнекті қоғам қайраткері Елеу Көшербаев атындағы орта мектеп;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша:

Түркістан қаласындағы Киров атындағы орта мектепті - ірі қолбасшы, мемлекет қайраткері Әмір Темір атындағы орта мектеп;

Сайрам ауданындағы "Ленинский путь" орта мектебін қазақ халқының батыр ұлдарының бірі, атақты мерген Әбдібай Құрмантаев атындағы орта мектеп; Сайрам ауданындағы С.Ордженикидзе атындағы орта мектепті - Жүсіпбек Аймауытов атындағы орта мектеп;

Түлкібас ауданының Ақбиік ауылдық әкімшілігіндегі В.И.Ленин атындағы орта мектепті - белгілі жазушы Тұтқабай Иманбекұлы атындағы орта мектеп;

Талдықорған облысы бойынша:

Талдықорған ауданындағы Тельман атындағы орта мектепті - белгілі қазақ ақыны Жұматай Жақыпбаев атындағы орта мектеп деп қайта атау туралы ұсыныстары қабылдансын.

*Қазақстан
Премьер-Министрінің*

*Республикасы
орынбасары*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК